

С.Оразалин атындағы жалпы орта білім беретін мектеп
кітапханашысының «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында 2023-2024 оқу
жылы бойынша есебі



«Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында жас оқырмандарды туган жерінің патриоты болуға баулу мақсатында ұйымдастырылған «Ел жадындағы естеліктер» атты аудандық байқау өтті. 7-сынып оқушысы Бекболатқызы Еркеназ қатысып Алғыс хатпен марапатталды.



«Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында күзгі демалыс кезінде «Күзде біз жалықпаймыз, кітап оқимыз» атты іс-шарасы бойынша 4-сынып оқушыларының кітап оқу сәттері.



«Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында күзгі демалыс кезінде «Күзде біз жалықпаймыз, кітап оқимыз» іс-шарасы бойынша 1-сынып оқушыларының Мақта қызбен мысық ертегісі.



«Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында күзгі демалыс кезінде «Күзде біз жалықпаймыз, кітап оқимыз» іс-шарасына үлес қосушы оқушылар.



«Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында күзгі демалыс кезінде «Күзде біз жалықпаймыз, кітап оқимыз» іс-шарасының 5-9 сынып бойынша ұсынылған тақырыптардың бірі Міржақып Дулатұлының «Бақытсыз Жамал» романының қысқаша мазмұнын баяндаушы Әділетқызы Ақмарал.



«Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында Ыбырай Алтынсарин, Бердібек Соқпақбаевтың шығармалары оқып таныстырылды.



«Оқуға құштап мектеп» жобасы аясында 3«Ә»-сыныбында Жамбыл Жабаевқа арналған «Аңыз және абыз» танымдық сабағы өтті. Мақсаты: Жамбылдың ақындық талантын шәкірттердің жүрегіне ұялату. Оқушылардың ойлау қабілетін дамыту.



«Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында. Мол қазына иесі, ақиық ақын Мұқағали Мақатаевтың туған күніне орай шара ұйымдастырылып, орта буын оқушылары ақын жырларын жатқа айтып, сөзіне жазылған әндерін орындады. Мұқағали жырларын жаттап, өсер ұрпақ барда ақын мұрасы мәңгі жасайды.



Қазақстан Республикасының Президенті Қасым — Жомарт Тоқаев Ұлттық қоғамдық сенім кеңесінің төртінші отырысында баланы оқу мәдениетіне баулу, оқу сауаттылығын дамыту еліміздегі орта білім беру ісінің басты бағытына айналуы тиіс екенін ерекше атап өткен болатын. Баланың оқуға деген қызығушылығы, қоршаған ортаны кітап арқылы тануы — мектеп қабырғасында қалыптасуы керек, — деген еді. Мемлекет басшысының тапсырмасын жүзеге асыру мақсатында ҚР оқу-ағарту министрлігінің орта білім саласында «Оқуға құштар мектеп» жобасының қолға алынғандығы баршамызға аян.

«Оқуға құштар мектеп» жобасы мектеп жасындағы балалардың кітапқа құмарлығын оятумен қатар, танымдық — мәдени дамуына жол ашады.

«Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында «Кітап білім бұлағы» атты әдеби кеші өтті.

Кітапханашы: *Camf* А.Саттарбергенова